

Мектепке дейінгі тәрбис мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оку жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйімі: Талдық негізгі орта мектебі

Тобы: мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың күрүші кезеңі: кантар 2023 жыл

Aйы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Кантар	Дене шынықтыру	<p>Спорттық жаттықуулар Дене шынықтыру мен спортка қызыгуышылкты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуга баулу. Спорт турлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сактауға баулу.</p> <p>Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, тебешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау;</p> <p>Сырганау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау;</p> <p>Шанғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, он және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып онға, солға бұрылу, айналу;</p> <p>Велосипед, самокат тебу. Шенбер бойымен және тұра жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Онға және солға бұрылу.</p>
	Сейлеуді дамыту	<p>Казақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауга, тапсырманы орындауға, бір-бірінің куанышына ортактаса білуге, бір-біріне камкор болуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық күрылымы Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сыйн есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p>Тұбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сейлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып,</p>

		Сөйлеменде колдана олуді дамыту
Көркем әдебиет		<p>Балалардың назарын кітаптын безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.</p> <p>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әнгімесінен алған акпараттарымен, әсерлерімен бөлісіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жаткан оқигаларға өзінін көзкарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлеменде мақал-мәтелдерді колдануға баулу.</p>
Саят ашу негіздері		<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасызы), сөйлем сөздерден тұратынын түсінү. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p>
Қазақ тілі		<p>Тілдік және артикуляциялық аппараты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру. Заттың атын, санын, сынын, кимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде колдануды дағдыландыру.</p>
Математика негіздері		<p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістіктө орналастыру (сол жақта, он жақта, жогарыда, төменде); козғалыс бағыттары: сол жақтан он жакқа, он жақтан сол жаққа, жогарыдан төменге, алға, артқа. Сейлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлаудың қалыптастыру.</p> <p>Адамгершілікке баулу Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс кабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге үмтүлуга, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әркашан әділ болуға, оларға колдау көрсетуге, комек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге камқор болуға баулу.</p>
Күрастыру		<p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және киялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды</p>

	Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сымметриялы, судбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қио, ою, флористика элементтерін және т.б.) колдану, түрлі материалдардан (кағаз, мата, табиги материалдар) жапсыру.
	Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша